

Мәртөк ауданы әкімдігінің кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 252 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27, 50 баптарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 2016 жылдың 06 сәуірінде "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына орай Мәртөк ауданы әкімдігінің келесі нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Мәртөк ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 наурыздағы № 94 "Мәртөк ауданының кәсіпорындары мен ұйымдарында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3-8-110 енгізілген, 2010 жылдың 22 сәуірінде аудандық "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған) қаулысы;

2) Мәртөк ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 сәуірдегі № 109 "Мәртөк ауданының кәсіпорындары мен ұйымдарында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3574 болып тіркелген, 2013 жылдың 16 мамырында аудандық "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған) қаулысы.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Күзембаеваға жүктелсін.

Аудан әкімі

Н. Қалауов